



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

СЕКЦИЯ 8. ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИ И ЭТНОЛОГИЯ

Подсекция 8.1 Отечественная история

ӘОЖ 94 (574)

ҚАЗАҚ ӨЛКЕСІНІҢ ТЕРРИТОРИЯСЫ МЕН ШЕКАРАСЫН АНЫҚТАУДАҒЫ ӘЛІМХАН ЕРМЕКОВТІҢ РӨЛІ

Әбішева Айдана Әмірханқызы

abisheva_aidana@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Б. Малыбаева

Ежелден-ақ қазақ өмірінде жер өте маңызды орын алған. Мал шаруашылығымен айналысқан ұлы көшпелілердің ұрпағы – қазақтардың күн көріс көзі жер екені белгілі. Ұлтарактай болса да, ата қоныс жер қымбат. Ат төбеліндей болса да, туып өскен ел қымбат, – демекші, Алтай мен Атыраудың арасын жайлаған, елі менен жерінің тұтастығын, амандығын ойлаған бабаларымыз қасық қаны тамғанша жерін қорғап болашақ ұрпаққа үлкен аманат қалдырды.

Ғұндардың басшысы Мөденің Дунху әміршісіне айтқан сөздері бәрімізге белгілі: «Атымызды бердік, әйелімді бердік. Сәйгүлік те, әйел де табылады, соғыстан олжалаймыз. Бірақ, жер! Бұл жерде біздің ата-бабамыздың сүйегі жатыр, оны беруге болмайды! Жер – мемлекеттің тұтқасы!» [1, 54,55 б.]. Осыдан-ақ біздің ата-бабаларымыз жерді қалай қастерлеп қорғағанын көруге болады.

Қазақ хандығы тұсында қазақтардың үш жүзге бөлініп өмір сүргені туралы қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы Шоқан Уәлихановтың ойынша: «Алтын Орда мемлекетінің ыдырауы кезінде қазақтар өздері көшіп жүретін жерлердегі өз құқықтарын қамтамасыз ету үшін осындай үлкен одақтар құрған».

Қазақ тарихындағы атадан – балаға ұласып, үздікті – создықты екі ғасырға созылған қазақ-жоңғар соғысындағы ең қантөгісті, күрделі кезең XVIII ғасыр екендігі тарихтан белгілі. Шоқан Уәлиханов «қанды қырғын», «жантүршігерлік», «жаугершілік» деп атаған XVIII ғасырдың бас кезіндегі жағдай қазақ халқы үшін тіпті ауыр болды. Бұл жағдайды Шоқан былай деп сипаттады: «XVIII ғасырдың алғашқы он жылдығы қазақ халқының өміріндегі сұмдық уақыт болды. Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық қазақтары мен башқұрттар жан-жақтан олардың ұлыстарын талқандап, малын тартып алып, тұтас отбасыларымен тұтқынға әкетіп отырды» [2]. Жоңғарлардың қалың қолы қазақ хандығы сарбаздарын мүлдем титықтатып, оты мен суы шүйгін жайылымдық жерлердің басым бөлігін өз иеліктеріне қаратып алады. «Елім-айлап» зар еңіреген халық жер бетінен мүлдем жойылып кетудің шақ алдында тұрады. 1730-шы жылдардан бастап патшалық Ресейдің қол астына кіре бастаған Кіші жүз қазақтары бодандықтың жаңаша айла-тәсілдеріне тап болады. Орынбордан басталған әскери бекіністер мен қамалдар Орта жүз және Ұлы жүз қазақтарының байтақ өлкелерін де айнала құрсаулап, «ұзын арқан, кең тұсаудың» бұғаулығына аямастан енгізе береді. Осылайша, сендей соғылысып сенделген қазақ өз жерінде өзі торға түсіп, Еділ, Жайық, Ертіс, Есіл, Тобыл, Ұй, т.б. сарқырай аққан өзендер бойында мал басына салық төлеп, кейінде әр түтінге салықты қоса төлеп және ең шұрайлы жерлерінен айырылып бодандықтағы зарлы күндерін бастан кешіре бастайды.

Еділді тартып алғаны –
Етекке қолды салғаны.

Жайықты тартып алғаны –
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны –
Ойдағысы болғаны.

Қоныстың бар ма қалғаны?! [3, 28 б.] – деп Мұрат Мөңкеұлының күңірене жырлауы да сол себепті.

XIX ғасырдың алғашқы ширегінен бастап патша үкіметі қазақ жерін отарлауды одан әрі жалғастырды. Әкімшілік-аумақтық ереже, 1867-1868 және 1886-1891 жылдардағы реформалар Қазақстанның отар ел ретіндегі метрополиядағы рөлін нығайта түсуге бағытталды. Реформа барысындағы жер-құқықтық нормалар ең алдымен отарлаушы халықты артықшылыққа ие ететін құқықтар беру арқылы қазақтар шеттегі қолдануға жарамсыз, шұрайсыз жерлерге ығыстыру бағыты ұсталды. 1867-1868 жылдардағы реформа бойынша жер қазына меншігі деп жариялап, қазақтарға жерді пайдалану құқығын ғана берді. Мұның өзі оларды бұл жерлерден шеттетуге заңды негіз жасады.

Ал XX ғасырдың басында Ресейдің қоғамдық-саяси өмірінде күрделі оқиғалар мен елеулі өзгерістер болды. Сол дәуірдегі саяси-әлеуметтік ірі оқиға Мемлекеттік Думаның шақырылуы еді. Қазақтар I, II Мемлекеттік Думаға шақырылды. Мемлекеттік Думада қазақ зиялылары қазақтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, қазақ арасындағы мәселелерді шешуге тырысты. Осы кезде Ресей империясының қоғамдық-саяси өмірінде аграрлық мәселе маңызды орын алды. II-ші Мемлекеттік Думада сөйлеген сөзінде депутат Б.Қаратай жер мәселесін тікесінен қойды. Ол «Қырғыз-қайсақ халқы атынан бұл мінбеден ешкім сөйлеген жоқ. Біздің мемлекетіміз шиеленіскен аграрлық мәселені шаруаларды Дала облыстарына, дәлірек айтсақ: Орал, Торғай, Ақмола, Семей және Жетісуға қоныс аудару арқылы шешпекші болды», – деп сөзін бастады. Әрі қарай патшалық Ресейдің қоныс аудару саясаты нәтижесінде сол кездегі Қазақстанның солтүстік аудандарындағы туындай бастаған геосаяси ахуалды жан-жақты талдады. Онда ол «қоныс аударуда Орта Азиялық облыстар ішінде қоныс аударатын бос жер бар ма, жоқ па ол туралы жергілікті халықпен келісілмегенін, табиғи, шаруашылық, статистикалық, топырақ және ауа райы тұрғысынан зерттелмегенін «ашып айтты» – оны зорлық жасау деп есептеу керек» – деді [4, 226, 227 б.].

Сондай-ақ 1917 жылы Орынборда өткен I, II Жалпықазақ съездерінде қазақ халқын толғандыратын мәселелер талқыланып, нәтижесінде Алаш партиясының бағдарламасы жасалды. Бағдарламаның жобасы он баптан тұрды. Оның ішінде жер мәселесі де қаралған болатын.

Қазақ жерін қорғауда, оның тұтастығын сақтауда қазақ зиялыларының өкілдері Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, С.Меңдешев, С.Сәдуақасов, Ә.Ермеков және тағы басқалары барынша еңбек етіп, өздерінің үлестерін қосты.

Жер, территория – мемлекеттің негізі. Патша үкіметі және Столыпин реформалары нәтижесінде қазақтардан тартып алынған жерлерді қайтару мәселесінде Алаш басшыларымен қатар Әлімхан Ермековтің де қосқан үлесі зор.

Азамат соғысы уақытында қазақ даласын басқару үшін Қырғыз әскери революциялық комитеті құрылды. Оның құрамына Алаш қозғалысының өкілдері енді.

Қырревком 1920 жылдың маусым айында Қырғыз (Қазақ) Кеңестік Автономиясын құру туралы жобаға байланысты РКФСР Ұлт істері Халық Комиссариатына «Қырғыз (Қазақ) өлкесінің территориясы мен шекарасы» атты құжатты ұсынды. Бұл құжатта негізгі 3 мәселе қаралды. Соның ішінде «Қазақ өлкесінің территориясы мен шекарасын анықтау» мәселесі бойынша РКФСР Ұлт істері Халық Комиссариаты және Қырревкомның кейбір мүшелері өздерінің ерекше пікірлерін білдірді. Олар қазақтың байырғы жерлерін бір ғана Қырғыз (Қазақ) Автономиясына беру мүмкін еместігін, бұлай істеу тек буржуазиялық ұлтшылдардың күшеюі мен билігінің кенеюіне әкеп соғатынын ескертті. Сондықтан олар Қазақ республикасынан Орал облысының Гурьев, Лбищенск және Орал уездерін, Торғай

облысынан Қостанай уезін, Ақмола облысының Петропавл, Омбы, Көкшетау уездерін мүлдем шығарып тастауды ұсынды. Бұндай қарсылықтарға қарамастан Семей және Ақмола губревкомдарын біріктіру мәселесі қолға алынды. Шекара мәселесімен жан-жақты айналысу үшін облыстардан уәкілдер шақырыла бастады. Әлімхан Ермеков Семей облысының губерниялық комитетінің уәкілі болып сайланды. Орынборда Ә.Ермеков Семей және Ақмоланың Қырәскериревкомының құрамына қайтарылуы туралы баяндама жасайды. Ол бұл туралы өз естеліктерінде де айтады: «Бұл Қазақ автономиясының жасалмаған кезі. Баяндамада мен азамат соғысының аяқталуына байланысты Семей мен Ақмола облыстарын енді Қырәскериревкомның қарамағына қайтару керектігін атап өттім. Және осы мәселені талқылау кезінде болашақ автономиялық республика құру және оның шекарасын белгілеуге байланысты мәселелер көтерілді» [5, 87 б.].

Әлімхан Ермеков Омбы, Орынбор, Мәскеуде жасаған баяндамаларында Қазақстанда жер мәселесінің тығырыққа тіреліп, шешімін табу керек мәселе екендігіне баса назар аударып айтады.

Ә.Ермеков Қырәскериревкомның 1920 жылғы 18 мамырдағы қаулысы бойынша жаңадан құрылатын «Қазақ АКСР-інің жалпы жағдайы және оның шекара мәселесі» жөнінде баяндама жасау үшін Мәскеуге аттанады. 1920 жылғы 9-10 тамызда Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің Төралқасы жанында барлық мүдделі мекемелер мен ведомстволардың мәслихаты болып, онда Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқаруға байланысты және оның Ресей Федерациясымен шекарасы және өзара қатынастары туралы мәселелер талқыланды. Негізгі тартыс «Қазақ автономиясына қай жерлер кіреді?» деген мәселеге келгенде, қатты ушыққаны белгілі. Бірақ Алаш арыстары алға қойған мақсатына жетті. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Әлімхан Ермеков Қазақ мемлекеті алдындағы тарихи миссиясын осылайша орындап шықты. Сол кезде бар-жоғы 29 жастағы Әлімхан Ермеков Әлихан мен Ахметтің дем беруінің арқасында азулы топтың алдында Қазақ жерінің шекарасы жайында баяндама жасады.

17 тамызда В.И.Лениннің төрағалығымен өткен мәжілісте Ә.Ермеков сөз сөйледі. Баяндаушы Ә.Ермеков Қырревком мен ХҚК-нің жазбаларына сүйеніп, жаңа республикада қазақтар тұратын барлық территорияларды біріктіруді ұсынды. Ол баяндамада Астрахан, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Сырдария, Закаспий, Самарқан, Ферғана облысы мен губернияларын қамтитын, жалпы көлемі 3 467 922 шаршы шақырым жерді Қазақ республикасының құрамына беруді сұрады. Көрсетілген жердің 81 пайызын жан саны 5,5 миллион болатын қазақтар пайдаланатын. Бұл сол аймақтардағы тұрғындардың 54 пайызы еді [6, 95,96 б.]. Лениннің төрағалық етуімен өткен мәжілісте Әлімхан Ермеков барын салды. Өйткені ол иісі қазақтың тағдыр-талайы шешілетін кез дәл осы тұс екенін жан дүниесімен сезінді және жағдайды аса жетік білетіндігі һәм шешендігі арқасында өз айтқандарымен Ленинді иландыра алды. Тіпті көзбе-көз сөйлесуден кейін, қазақтың уысынан шығып бара жатқан Атырау өңірін де алаш жұртына мәңгіге қайтарып берді.

Ол өз сөзінде мынадай пікір айтқан: «Қазақстан шекарасын анықтау барысында мұқым өлкенің этникалық, экономикалық және мәдени ерекшеліктерін ерекше ескеру керек. Егер қазақтардың осы уақытқа дейін көшпелі өмір салты мен мал шаруашылығын басты кәсіп ретінде сақтап қалғанын назарға ілсек, онда бұл облыстардың өзара тығыз байланысы көзге анық көрініп тұр. Сондықтан да Қазақ автономиялы республикасын құру тек солтүстік және оңтүстік облыстардың арасындағы шекаралық тұтастықты сақтаған жағдайда ғана мүмкін әрі нақты өмірлік сипат алады. Бұл мәселе керісінше шешілген жағдайда автономия тіршілік көзінен айырылады. Сонымен қатар, мәдени, экономикалық және аралас облыстық орталықтарда талап етіп отырған территорияның құрамында қалып қояды. Бұл орталықтарсыз оңтүстік облыстар экономикалық, шаруашылық, мәдени ашаршылыққа ұшырап, тірі өлікке айналады. Осы пайымдауларды ескере отырып, Қазақ автономиясының шекарасын көрсетілген шекара бойынша бекіту қажет. Орынбор қаласы уақытша орталық

ретінде қарастырылуы керек» [7]. Тарих өзі көрсеткендей Ә.Ермековтің айтқаны шындық болды.

1920 жылдың 26 тамызында Қазақ автономиясын құру және оның жер көлемін белгілеу жөнінде жарлық шықты. Жарлық бойынша Қазақ автономиясының құрамына Семей, Ақмола, Торғай, Орал облыстары және Закаспий облысының Маңғышлақ уезі, Астрахан губерниясының Синеморье болысы, Бөкей ордасы және басқа да жерлер кірді.

Жер – елдіктің белгісі, ол халық бірлігінің, оның тұтастығының көрінісі. Жерсіз ел болмайды. Жерден айырылу – елден, елдігінен айырылу деген сөз. Осы жерді қорғауда, тұтастығын сақтап болашақ ұрпаққа аманат етіп қалдыруда Алаш зиялыларының еңбегі ерен. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Жерден өткен байлық жоқ: жер болса – ел болады, ел болса – ер болады» [8], - деп айтқандай қазақ өлкесінің территориясы мен шекарасын анықтаудағы Әлімхан Ермековтің зор еңбегін бағалау жас ұрпақтың парызы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Көмеков Б., Галиев А. Мөде қаған. Тарих, тұлға, уақыт (Шығыстың ұлылары топтамасы). – Алматы: «Аруна» баспасы, 2007. 96 б.
2. <http://alashainasy.kz/darynokuortalygy/kazak-ruhyin-kotergen-karakum-kuryiltayyi-65140/>
3. Мөңкеұлы М. Шығармалары: Өлеңдер, жырлар, толғаулар, айтыстар; зертеулер. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2013. 288 б.
4. Озғанбай Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905-1917 жж.). – Алматы, 1997. 460 б.
5. Өскембаев Қ. Ә. Ә. Ермековтің қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметі (1891-1970 ж.ж.). – Қарағанды, 2003. 180 б.
6. Кыдыралина Ж. Алимхан Ермеков. – Алматы: ТОО «Литера-М», 2012. 320 с.
7. http://massaget.kz/mangilik_el/40114/
8. <https://baq.kz/kk/news/prezident/n-nazarbaevtin-zher-turali-aitkan-kanatti-sozderi-84025>

УДК 8.1

МЕДИАЦИЯ КАК ПРОБЛЕМА ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

Абдрахманова Динара Жаслановна

Din_abdrakhmanova@mail.ru

Студент 4 курса исторического факультета ЕНУ им. Л. Н. Гумилева,
Астана, Казахстан

Научный руководитель – А. Оразбаева

Огромный потенциал развития правовой системы Казахстана содержится во внедрении альтернативных способов разрешения споров и конфликтов, особенно в социальной сфере. Меры по совершенствованию гражданско-процессуального законодательства могли бы быть ориентированы на закрепление разнообразных путей и способов достижения компромисса между сторонами, как в судебном, так и во внесудебном порядке, в том числе обязательности обсуждения возможности использования мер, примирительных процедур при подготовке дела к судебному разбирательству [1]. Феномен и понятие медиации в настоящее время получают все большее распространение в зарубежной и отечественной практике, а также в гуманитарной науке. Ведущие страны мира активно содействуют развитию медиации: в США, Австралии и других странах до трети всех споров урегулируются досудебным вмешательством исключительно в рамках данного института. Исторические корни медиации лежат еще в античности и средневековье, в разрешении